

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ  
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«САРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН  
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ**

**БЕКІТІЛДІ**

**«Сәрсен Аманжолов атындағы  
Шығыс Қазақстан университеті»  
КЕ АҚ директорларының Кеңесінде  
« 07 » Ақпан 2024 ж.  
№ 5 **ҚАРАР****



**«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН  
УНИВЕРСИТЕТІ " КЕ АҚ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ЖОҒАРЫ  
БІЛІМНІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ҚАБЫЛДАУ»  
ТУРАЛЫ**

**ЕРЕЖЕ**

**ШҚУ Е 003-24**

**Бірінші басылым**

**№ копии \_\_\_\_\_  
Енгізу мерзімі \_\_\_\_\_**

**Өскемен қ.  
2024 ж.**

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 2 беті

## Мазмұны

1	Жалпы ережелер.....	3
2	Нормативтік базасы.....	3
3	Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау тәртібі.....	4
4	Жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларына арнаулы немесе шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі.....	8
5	Жоғары білімі, техникалық және кәсіптік білімі бар тұлғалар үшін қабылдау сұхбаттасу өткізу тәртібі.....	14
6	Жалпы орта білімі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімі бар, мерзімді әскери қызметін өткерген тұлғалармен сұхбаттасу өткізу тәртібі	16
7	Шетел азаматтарымен сұхбаттасу өткізу тәртібі.....	18
8	Мемлекеттік білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу.....	20
9	Жоғары білім бойынша білім бағдарламаларына қабылдау тәртібі.....	28
10	Өзгерістер.....	34
11	Келісу, сақтау және тарату.....	34
	Қосымша 1.....	36
	Қосымша 2.....	38
	Қосымша 3.....	39
	Қосымша 4.....	39
	Қосымша 5.....	40
	Қосымша 6.....	45
	Қосымша 7.....	45
	Қосымша 8.....	46
	Қосымша 9.....	48
	Қосымша 10.....	48

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 3 беті

## 1 Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ білім алушыларды жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау тәртібін анықтайды.

1.2 «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ (әрі қарай Университет) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар қабылданады.

1.3 Университеттің студенттік контингентін қалыптастыру республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты және басқа да дереккөздер есебінен оқу ақысын төлеу арқылы жүзеге асырылады.

## 2 Нормативтік базасы

2.1 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-В "Білім туралы" заңы.

2.2 Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-В «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы».

2.3 Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген «Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік Ережелерді бекіту туралы».

2.4 Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген «Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу ережесі».

2.5 Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33345 болып тіркелген) бекітілген «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелері».

2.6 "Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының ұқсас топтарының және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтарының сәйкестігіне әдістемелік ұсынымдарды анықтау туралы" білім және ғылым Министрінің 2019 жылғы 1 сәуірдегі №134 бұйрығы.

## 3 Белгілер мен қысқартулар

ҚР ҒжЖБМ – Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 4 беті

министрлігі;

ҚҚЖББ - құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі;

СХЫЖАБ - стратегия, халықаралық ынтымақтастық және аккредиттеу бөлімі;

СҚЖЖБӨ - сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі жөніндегі басшылықтың өкілі;

ІСКЕЖ - ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі;

ҚББ - құрылымдық бөлімшенің басшысы;

ШҚУ ҚР - Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің құжатталған рәсімі;

ПОҚ-профессорлық-оқытушылық құрамы

Қызмет беруші – көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсететін университет;

Қызмет алушы-талапкер;

ҰБТ - ұлттық бірыңғай тестілеу;

ЭҰП- электрондық үкімет порталы;

ЭЦҚ - электрондық цифрлық қолтаңба;

БББТ- білім беру бағдарламаларының тобы

#### 4 Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау тәртібі

4.1 Университетке «Педагогикалық ғылымдар» және «Құқық» білім беру саласындағы білім бағдарламаларына оқуға түсу үшін шекті балл 75-тен кем емес, басқа білім беру бағдарламаларына – кемінде 50 баллды құрайды. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға қабылдау үшін қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілерді қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, ұлттық бірыңғай тестілеуге (бұдан әрі-ҰБТ) қатысқан және оның нәтижелері бойынша кемінде 50 балл, «Педагогикалық ғылымдар» және «Құқық» білім беру саласындағы білім беру бағдарламаларына кемінде 75 балл, оның ішінде Қазақстан тарихы, екі бейіндік пән бойынша кем дегенде 5 балл, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы пәндері бойынша 3 баллдан кем емес.

4.2 Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беруге арналған конкурсқа «орта буынды маман» немесе «қолданбалы бакалавр» біліктілігі бар қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 5 беті

кемінде 25 балл, «Педагогикалық ғылымдар» саласы бойынша білім беру бағдарламаларына – 35 балдан кем емес, оның ішінде ҰБТ-ның әрбір пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинаған тұлғалар жіберіледі.

ҰБТ-ны электрондық форматта өту кезінде республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына оқуға түсуші осы тармақта көрсетілген қажетті балл саны бар ҰБТ-ның нәтижесімен қатыса алады. Осы тармақта көрсетілген талаптар Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғаларға қолданылмайды.

4.3 Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP. (ТОЙФЛ АЙТИПИ), Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС) халықаралық сертификаттары бар тұлғалар қалауы бойынша ҰБТ-да «Шет тілі (ағылшын)» бейіндік пәнін немесе арнайы пәнін тапсырудан босатылады. ҰБТ-да «Шет тілі (ағылшын)» бейіндік пәнін немесе арнайы пәнін тапсырған және бір мезгілде жоғарыда көрсетілген шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттардың (ағылшын тілі) бірін ұсынған жағдайда ҰБТ сертификаты үшін шет тілі (ағылшын тілі) балдарының ең жақсы нәтижесі ескеріледі. SAT (ЭсЭйТи – САТ), АСТ (ЭйСиТи), IB (АйБи), A Level (Э-Левел), TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ), TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), IELTS (АЙЛТС) халықаралық стандартталған тест сертификаттары бар тұлғалар Қағидаларға 2-1- қосымшаға балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысады және (немесе) жоғары оқу орындарына ақылы бөлімге қабылданады». (1 қосымша).

Қазақ тілін В1-ден (орта) төмен емес деңгейде меңгергенін растайтын ҚАЗТЕСТ сертификаты бар тұлғалар осы Ережелердің 2 қосымшасында белгіленген балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес қалауы бойынша ҰБТ-да «Қазақ тілі» бейіндік пәнін немесе арнайы пәнін тапсырудан босатылады. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының бітірушілері осы осы Ереженің 3 қосымшасында белгіленген оқудағы нәтижелерін сырттай бағалау балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шәкіліне сәйкес білім беру грантын беру конкурсына қатысады (және (немесе) жоғары оқу орындарына ақылы бөлімге қабылданады»

4.4 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 6 беті

білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылданады.

4.5 Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілерді ескермегенде, ҰБТ-дан өткен және республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысуға ниет білдірген жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері ҰБТ нәтижелері бойынша кемінде 25 балл, «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласында білім беру бағдарламаларына – 35 балдан кем емес, оның ішінде жалпы бейіндік пән бойынша кемінде 5 балл және арнайы пән бойынша кемінде 5 балл жинауы қажет.

Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша "орта буын маманы" немесе "қолданбалы бакалавр" біліктілігі бар техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының түлектерін қабылдау, күндізгі нысандағы ақылы бөлімшеге түсушілерге университеттің қабылдау комиссиясы "жоғары білім беру бағдарламаларының туыстық топтарының және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтарының сәйкестігінің әдістемелік ұсынымдарын айқындау туралы" Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 01.04.2019 жылғы № 134 бұйрығына сәйкес осы Қағидалары бойынша сұхбаттасу нәтижелері бойынша жүзеге асырады.

4.6 Ақылы негізде қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары тобы бойынша жоғары білімі бар адамдарды университетке қабылдауды осы Қағидаларна сәйкес сұхбаттасу нәтижелері бойынша Университеттің қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

Жоғары білімі бар кадрларын даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары білімі бар тұлғалардың университетте оқу ұзақтығы 2 жылды құрайды. Таңдаған білім бағдарламасына сәйкестігі жоқ бағытта жоғары білімі бар адамдар үшін оқу ұзақтығы тізбесін жоғары мектеп деканаты белгілейтін (кемінде 3 жыл) ББ шеңберінде оқу үшін қажетті пәндер ескеріле отырып айқындалады.

Білім алушының оқу жоспарын (БОЖ) барлық оқу кезеңіне жоғары мектептердің түлек шығарушы кафедралары қалыптастырады.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша күндізгі оқу нысанына түскен білім алушы бірінші жоғары білімінің негізінде лбұрын зерделенген пәндер бойынша кредиттерді қайта есепке алуды ескере отырып, кемінде 240 академиялық кредитті (жыл ішінде кемінде 60 кредит) меңгеруі тиіс.

17

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 7 беті

Тиісті мемлекеттік стандарт шеңберінде жоғары білім беру базасында күндізгі қысқартылған оқу нысанына ұсынылатын білім беру қызметтері үшін ақы төлеу сомасы 1 академиялық кредит үшін шығындар калькуляциясына сәйкес ұлттық валютада белгіленеді.

4.7 Университетке түсуші тұлғаларды қабылдау «Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша белгіленген үлгідегі сертификаттағы және (не болмаса) Ұлттық тестілеу орталығы РМҚК сайтында түпнұсқалығын растайтын QR-коды бар электрондық сертификат (бұдан әрі-сертификат) баллдарға сәйкес конкурстық негізде олардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

Бұл ретте Университет білім беру гранты негізінде шетелдік азаматтарды қабылдауды ағымдағы жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған және (немесе) білім беру саласы бойынша Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының халықаралық мамандандырылған аккредиттеуі бар білім беру бағдарламаларына жүзеге асырады.

4.8 Шетел азаматтарын ақылы негізде Университетке оқуға қабылдау қабылдау комиссиясымен күнтізбелік жыл ішінде өткізетін сұхбаттасу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес кезектегі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

4.9 Жалпы орта білімі, техникалық және кәсіптік білімі, орта білімнен Кейінгі білімі, жоғары білімі бар, жедел мерзімді әскери қызметін өтеген азаматтарды Университетке ақылы негізде оқуға қабылдау күнтізбелік жыл ішінде қабылдау комиссиясының өткізетін сұхбаттасу нәтижелері бойынша әскери қызметтен кейін екі жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте жеделмерзімді әскери қызметін өтеген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес кезекті академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

4.10 Университетке оқуға түсу кезінде «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 қаулысымен бекітілетін мөлшерде қабылдау квотасы көзделеді.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 8 беті

4.11 Республикалық бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындауға арналған конкурсқа қатысу үшін "DARYN" білім беру гранты бойынша оқуға ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын білім беру салалары бойынша 135-тен 140-қа дейін балл жинаған тұлғалар жіберіледі.

4.12 Университет ҰБТ өту балының деңгейін Ғылыми кеңестің шешімімен белгілеп бекітеді және басқарма төрағасы-ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның қолымен растап, сайтта жариялау мақсатында білім беру салалары бойынша қосымша қабылдау және конкурс өткізу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетіне жолдайды.

4.13 Университетте басқарма төрағасы-ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына басқарма төрағасы-ректор, төрағаның орынбасары-проректор, басқарма мүшелері-проректорлар, декандар, қабылдау комиссиясының кеңесшісі-жауапты хатшысы, құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері және Университеттің профессор-оқытушылар құрамының және жастар ісі жөніндегі студенттік комитеттің өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясы тақ саннан тұрады. Қабылдау комиссиясының төрағасы басқарма төрағасы – ректор болып табылады, ол қабылдау комиссиясының кеңесшісі - жауапты хатшысын тағайындайды.

4.14 Қабылдау науқаны кезеңінде Университетте ЭЦҚ алу үшін жеке компьютер орната отырып, өзіне-өзі қызмет көрсету, түсушілерге кеңес беру аймағы құрылады, АЖ ҚР МҒМ ҰТО АЖ, ЭҮП интеграциясы қамтамасыз етіледі, ЭҮП-те жұмыс істеу үшін техникалық хатшыларды оқыту жүзеге асырылады, келіп түскен құжаттарды «Талапкер» ШҚУ ААЖ арқылы өңдеу жүргізіледі.

## **5 Жоғары білім берудің білім беру бағдарламаларына арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі**

5.1 Арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтары бойынша, оқуға қабылдау арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

5.2 Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін басқарма төрағасы - ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның шешімімен емтиханды өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады.

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 9 беті

Шығармашылық емтихандар жөніндегі комиссияның құрамына профессор-оқытушылар құрамы, қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары, Университет өкілдері кіреді. «Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау», «Дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау», «Музыкалық білім беру мұғалімдерін даярлау», «Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау» бағыттары бойынша шығармашылық емтихандар жөніндегі комиссияның құрамына бейіні бойынша тиісті білімі бар және мәдениет, спорт салаларындағы жергілікті уәкілетті орган ұсынған тұлғалар кіреді.

Емтихандық комиссия құрамына апелляциялық комиссия мүшелері кірмейді.

Комиссия тақ саннан тұрады және комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен комиссиясының төрағасы сайланады.

Комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екі бөлігі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

5.3 Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіне сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жүзеге асырылады (5 қосымша).

Төтенше жағдай жарияланған, карантиндік шараларды белгілеу немесе күшейту жағдайында арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар онлайн және (немесе) офлайн форматтарында өткізіледі.

5.4 Дәстүрлі түрде арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтауды, емтихандарды бір күнде тапсыратындардың санын шектеуді талап етеді.

"Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша арнаулы емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін комиссия құрылады, оған университеттің педагогикалық білім беру және менеджмент, психология және коррекциялық педагогика кафедраларының, қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді.

Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша дәстүрлі түрдегі шығармашылық емтихандар В005-Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау, оларды санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, ашық спорт стадиондарында Университет медициналық қызметкерінің қатысуымен өткізуді көздейді.

12

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 10 беті

В006-Музыка мұғалімдерін даярлау, В007-Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау, В033-Дін және теология білім беру бағдарламалары тобы бойынша шығармашылық емтихандар санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақталуымен бірге бейнежазбаларды қолдана отырып, стримингті платформа негізінде жүзеге асырылады.

5.5 Арнаулы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсуші тұлғалар арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар тапсыру үшін Университеттің қабылдау комиссиясына келесі құжаттар тапсырады:

- 1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжат (төлнұсқа);
- 2) 3 x 4 см. көлеміндегі 2 фотосурет;
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) ҰБТ сертификаты (бар болған жағдайда);
- 5) «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1) тармақшасында белгіленген спорттық разрядтар және (немесе) спорттық атақтардың бірінің бар болуын растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса) тапсырады.

5.6 Шығармашылық емтихан тапсыру үшін өтініштері Күндізгі нысанды оқуға ақылы түрде түсуші жоғары білімі, техникалық және кәсіптік білімі бар тұлғаларды есепке алмағанда қабылдау күнтізбелік жылғы 20 маусым мен 10 тамыз аралығында қабылданады.

5.7 Шығармашылық емтихан күнтізбелік жылғы 7 шілде мен 15 тамыз аралығында өткізіледі (осы Ереженің 5 қосымшасы).

5.8 Арнаулы немесе шығармашылық емтиханның өткізу үлгісі осы Ереженің 6 және 7-қосымшаларына сәйкес белгіленеді.

5.9 Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші тұлғалар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

5.10 Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша күндізгі бөлімге мемлекеттік білім беру гранты бойынша түсуші тұлғалар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

5.11 «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша оқуға түсушілерден құжат қабылдау және арнаулы емтихан өткізу университетте күнтізбелік жылғы 20 маусымнан – 24 тамыз аралығында жүзеге асырылады, ҰБТ-ны электрондық форматта өткізу кезінде түсушілердің құжаттарын қабылдау және "педагогикалық ғылымдар" саласы бойынша оқуға түсу үшін



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 11 беті

арнайы емтихан өткізу 20 маусым мен 20 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

5.12 Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына оқуға түсуші тұлғалар өздері таңдаған оқу орнында шығармашылық емтиханды тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының бітірушілері үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша баллдар ескеріледі.

Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына түсуші азаматтар үшін қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша арнаулы пәннен баллдары ескеріледі.

5.13 «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласына оқуға түсушілер жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қабылдау комиссиялары өткізетін бір арнаулы емтихан тапсырады.

5.14 Университеттің «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша жоғары білім орынына түсуші тұлғалар үшін Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқу тілі), екі бейіндік пән бойынша баллдар ескеріледі.

5.15 Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілер үшін жалпы кәсіптік және арнаулы пәндер бойынша баллдар ескеріледі.

5.16 Арнаулы емтиханды өткізу бағдарламасын кафедралар әзірлейді, және Университеттің академиялық Кеңесінде қарастырып, бекітуге ұсынылады, оны қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

Бағдарламада дәстүрлі түрде және (немесе) бейнеконференциялар (Zoom және т. б.) өткізу үшін сервистерді қолдана отырып, шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі, Google Forms сервисін пайдалана отырып бағалау рәсімін қарастырылады.

5.17 Шығармашылық емтихандарды өткізу бағдарламаларын құжаттарды қабылдау мерзіміне дейін тиісті кафедралар әзірлейді, жоғары мектептердің академиялық Кеңестерінде қарастырылып бекітуге ұсынылады, қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

5.18 Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты, емтихан тапсыру орны, кеңес беруді жүргізу) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғанға дейін кешіктірілмей оқуға түсушілердің назарына жеткізілу үшін Университет сайтында жарияланады.

*Handwritten signature or mark.*

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 12 беті

5.19 Оқуға түсуші арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан өткізілетін аудиторияға (орынға) жеке басын куәландыратын құжатты және қабылдау комиссиясы берген рұқсаттаманы көрсеткенде жіберіледі.

Төтенше жағдай жарияланған, карантиндік шараларды белгілеу немесе күшейту жағдайында белгіленген санитарлық-эпидемиологиялық шараларға сәйкес рәсім көзделеді.

5.20 Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандар бейне және (немесе) аудио жазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

5.21 Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихан басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және мұқабалық парақты ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялаудың уақыты мен орны және апелляцияға өтініштер беру рәсімі көрсетіледі.

Стримингтік платформаларды қолдана отырып, арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандар өткізу жағдайында емтихан материалдарын компьютер экранынан көрсету көзделеді. Оқуға түсушілердің емтихан материалдарының нәтижелері экраннан скрин-шотқа жатады.

5.22 Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

5.23 «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша оқуға түсушілер үшін арнаулы емтихан «өтті» немесе «өтпеді» деген түрде бағаланады.

5.24 Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары – бағалау ведомосымен, арнаулы емтиханды өткізу қорытындылары – рұқсат беру ведомосымен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен рәсімделеді және қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау және Университет сайтына орналастыру үшін беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

5.25 Арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

5.26 «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша арнаулы емтиханның нәтижелері бойынша сәйкес оқуға түсушіге қабылдайтын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына ұсыну үшін ведомостан үзінді беріледі.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 13 беті

5.27 Шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша оқуға түсушіге шығармашылық емтиханды тапсыру орнына қарамастан, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына ақылы негізде түсу үшін ведомостан үзінді беріледі.

5.28 Емтихандарды өткізу кезеңіне арнаулы және (немесе) шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын тұлғалардың құқықтарын қорғау мақсатында әрбір жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары бірінші басшысының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады, ол төрағаны қосқанда тақ саннан тұрады.

Төтенше жағдай жарияланған, карантиндік шараларды белгілеу немесе күшейту жағдайында стримингтік платформаларды қолдана отырып, апелляциялық комиссияның отырысын өткізуге жол беріледі.

5.29 Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына арнаулы немесе шығармашылық емтихан тапсырған тұлға өзі тапсырады, ол арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

Төтенше жағдай жарияланған, карантиндік шараларды белгілеу немесе күшейту жағдайында апелляцияға өтініштер университеттің АЖ-сі арқылы қабылданады.

5.30 Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

5.31 Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен рәсімделеді.

5.32 Университет арнайы және (немесе) шығармашылық емтихан аяқталған күндері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне республикалық бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беруге арналған конкурсқа қатысу үшін түсушілердің арнаулы және (немесе) шығармашылық емтихандардың нәтижелерін және (немесе) Университетке ақылы оқуға қабылдау нәтижелерін жолдайды.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 14 беті

## 6. Жоғары білімі, техникалық және кәсіптік білімі бар тұлғалар үшін қабылдау сұхбаттасу өткізу тәртібі

6.1 Ақылы негізде қысқартылған оқу мерзімін қарастыратын білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жоғары білімі, техникалық және кәсіптік білімі бар тұлғаларды университетке қабылдауды қабылдау комиссиясы сұхбаттасу түрінде жүзеге асырады.

Сұхбаттасуға қатысу үшін өтінішті қабылдау, сондай-ақ оны өткізу күнтізбелік жылдың 1 маусым мен 24 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

6.2 Сұхбаттасуға қатысу үшін оқуға түсушілер қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсырады (төтенше жағдай, карантиндік шараларды күшейту/сақтау, «ШҚУ АЖ» арқылы онлайн-режимде):

- 1) сұхбаттасуға қатысу үшін өтініш;
- 2) білімі туралы құжат және қосымшасы (түпнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

6.3 Сұхбаттасу рәсімінен өткенге дейін оқуға түсушілердің дайындық деңгейін анықтау үшін компьютерлік тестілеу көзделеді.

Қабылдау комиссиясы оқуға түсушіні ақпараттық-техникалық камтамасыз өту және цифрландыру орталығына (бұдан әрі-АТҚЖЦО) компьютерлік тестілеуден өту үшін таңдап алынған білім беру бағдарламасы саласындағы жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша білім деңгейін анықтау үшін жолдайды, олардың тізбесі осы Ереженің 5 қосымшасында сәйкес анықталады (төтенше жағдай, карантиндік шараларды күшейту/сақтау жағдайында "ШҚУ тесті" АЖ арқылы онлайн-режимде).

6.4 Жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша компьютерлік тестілеуге арналған тест базасы Университеттің білім беру бағдарламаларының топтары бойынша тиісті кафедраларымен әзірленеді және Университетте белгіленген сараптама рәсімінен өткеннен кейін "ШҚУ тесті" АЖ-не орналастырылады.

6.5 Компьютерлік тестілеу бойынша ең жоғары балл-50. Сұхбаттасуға жіберілу үшін шекті балл - 25.

6.6 Компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша "ШҚУ тесті" АЖ-де оқуға түсушіге білім деңгейінің көрсеткіші көрсетілген нәтиже қорытындысы беріледі (ең жоғары баллдан % - бен), ол сұхбаттасу бойынша комиссияға ұсынылады. Сұхбаттасуға шекті деңгейден 25 және одан жоғары балл алған тұлғалар жіберіледі.

Комиссия сұхбаттасуды қабылдау комиссиясының төрағасы бекіткен кесте бойынша жүргізеді.

6.7 Қабылдау комиссиясының бағдарламашысы күн сайын шекті баллдан өткен түсушілердің тестілеуден өту нәтижелері бойынша жиынтық ведомость қалыптастырады және комиссия мүшелеріне ұсынады.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 15 беті

6.8 Оқытудың қысқартылған мерзімін қарастыратын Университеттің білім беру бағдарламаларына түсушілердің компьютерлік тестілеу өткізу материалдары қабылдау комиссиясының істерінде сақталады.

6.9 Ауызша сұхбатасу қабылдау комиссиясының төрағасы бекіткен кестеге сәйкес өткізіледі (төтенше жағдай, карантиндік шараларды күшейту/сақтау кезінде бейне-конференц-байланыс өткізу үшін тиісті платформаларды қолдана отырып).

6.10 Түсушілермен сұхбатасу өткізу рәсімі екі кезеңнен тұрады:

- комиссияның білім туралы құжаттарды, оқуға түсушінің білім деңгейін анықтауға тестілеу нәтижелерін талдау.

- оқуға түсушілермен келесі сипаттағы мәселелер бойынша ауызша сұхбатасу:

- жұмыс орны;

- лауазымы;

- таңдалған оқу бағыты бойынша жұмыс тәжірибесі;

- тілдерді білу;

- кәсіби дағдылар мен білімдер (компьютерлік тестілеу нәтижелері бойынша көрсеткіштер);

- оқу мақсаты.

6.11 Ақылы негізде қысқартылған оқу мерзімін көздейтін білім беру бағдарламалары тобы бойынша жоғары білімі, техникалық және кәсіптік білімі бар тұлғалармен сұхбатасу өткізу үшін комиссия құрылады, оны Университеттің қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді. Комиссия құрамына Университет кафедраларының профессорлары, доценттері және сениор-лекторлары, құрылым бөлімдерінің қызметкерлері, қоғамдық ұйымдардың және БАҚ өкілдері кіреді. Комиссияның құрамы Қазақстан Республикасының жоғары білімі бар кадрларды даярлау бағыттарын ескере отырып қалыптастырылады. Комиссия мүшелерінің саны тақ санды құрайды.

6.12 Сұхбатасу өткізу кезеңінде бірыңғай талаптарды сақтау және түсушілердің даулы мәселелерін шешу мақсатында апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамын қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

Апелляциялық комиссияның құрамы тестіленетін пәндер бойынша оқытушылардан құралады.

6.13 Апелляцияға өтініштер сұхбатасу нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссиямен бір күнтізбелік күн ішінде қаралады. Апелляциялық комиссияның отырысына түсуші келмеген жағдайда, оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды (төтенше жағдайда, карантиндік шараларды күшейту/сақтау кезінде онлайн-режимде Университет АЖ-сі арқылы).



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 16 беті

Сұхбаттасу нәтижелерінің апелляциясы бойынша барлық өтініштер апелляцияға өтініштерді тіркеу журналына тіркеледі.

Өтініштер бойынша шешім апелляциялық комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Апелляциялық комиссияның жұмысы апелляциялық комиссия отырысының хаттамасымен рәсімделеді, оған төраға және комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

Апелляциялық комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды. Апелляциялық комиссия түсушіге апелляция қорытындылары туралы хабарлайды.

6.14 Сұхбаттасу өткізудің қорытындылары белгіленген нысандағы комиссия хаттамасымен рәсімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды. Хаттама әрбір түсушіге жеке рәсімделеді және оның жеке ісіне тігіледі.

## **7. Жалпы орта білімі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімі бар, мерзімді әскери қызметін өткерген тұлғалармен сұхбаттасу өткізу тәртібі**

7.1 Жалпы орта білімі, техникалық және кәсіптік білімі, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар, мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды ақылы негізде оқуға қабылдау Университеттің қабылдау комиссиясы күнтізбелік жыл ішінде өткізетін сұхбаттасу нәтижелері бойынша мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

7.2 Жалпы орта білімі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалармен ақылы негізде қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламалары тобы бойынша сұхбаттасу өткізу үшін комиссия құрылады, оны Университеттің қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

Комиссия құрамына Университет кафедраларының профессорлары, доценттері мен сениор-лекторлары, құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері кіреді. Комиссиялардың құрамы Қазақстан Республикасының жоғары білімі бар кадрларды даярлау бағыттары ескеріле отырып қалыптастырылады. Комиссия мүшелерінің саны тақ санды құрайды.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 17 беті

7.3 Университетке жалпы орта білімі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімі бар тұлғалардың ақылы негізде қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қабылдауды Университеттің қабылдау комиссиясы сұхбаттасу түрінде жүзеге асырады. Сұхбаттасуға қатысу үшін өтінішті қабылдау, сондай-ақ оны өткізу күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады.

7.4 Сұхбаттасуға қатысу және оқуға қабылдану үшін оқуға түсушілер қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды (төтенше жағдай, "ШҚО АЖ" арқылы онлайн-режимде карантиндік шараларды күшейту/сақтау жағдайларында) ұсынады:

- 1) сұхбаттасуға қатысуға өтініш;
- 2) қосымшасы бар білім туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) 3x4 көлемдегі 6 фотосурет;
- 5) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;
- 6) түпнұсқасын ұсынған шартта Қазақстан Республикасы қарулы күштерінің әскери билетінің көшірмесі;
- 7) мерзімді әскери қызмет өткергенін растау туралы анықтама (ХҚКО-дан немесе Е-GOV ақпараттық жүйесі арқылы алынған). (6 қосымша)

7.5 Ауызша сұхбаттасу қабылдау комиссиясының төрағасы бекіткен кестеге сәйкес жүргізіледі (төтенше жағдай жағдайында, бейне-конференц-байланыс жүргізу үшін тиісті платформаларды қолдана отырып, онлайн-режимде карантиндік шараларды күшейту/сақтау).

- 7.6 Оқуға түсушілермен сұхбаттасу өткізу рәсімі екі кезеңнен тұрады:
- комиссияның білім туралы құжаттарды талдауы.
  - түсушілермен келесі сипаттағы мәселелер бойынша сұхбаттасуды көздейтін ауызша сұхбаттасу:
    - алдыңғы білім ;
    - жұмыс орны;
    - лауазымы;
    - таңдалған оқу бағыты бойынша жұмыс тәжірибесі;
    - тілдерді білу;
    - оқу мақсаты.

7.7 Сұхбаттасу өткізу кезеңінде бірыңғай талаптарды сақтау және түсушілердің даулы мәселелерін шешу мақсатында апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамын қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

Апелляциялық комиссияның құрамы тестіленетін пәндер бойынша оқытушылардың тақ санынан қалыптастырылады.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 18 беті

7.8 Апелляцияға өтініштер сұхбаттасу нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия күнтізбелік бір күн ішінде қарайды. Апелляциялық комиссияның отырысына түсуші келмеген кезде оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды (төтенше жағдай, "ШҚО АЖ" арқылы онлайн-режимде карантиндік шараларды күшейту/сақтау жағдайларында).

Тестілеу нәтижелерінің апелляциясы бойынша барлық өтініштер апелляцияға арналған өтініштерді белгілеу журналында тіркеледі.

Өтініштер бойынша шешім апелляциялық комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар саны тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауыс шешуші болып табылады.

Апелляциялық комиссияның жұмысы апелляциялық комиссия отырысының хаттамасымен рәсімделеді, оған төраға және Комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

Апелляциялық комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды. Апелляциялық комиссия түсушіні апелляция қорытындысымен таныстырады.

7.9 Сұхбаттасу өткізу қорытындылары белгіленген нысанда комиссияның хаттамасымен рәсімделеді және нәтижелерін жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына комиссия төрағасы және оған қатысып отырған барлық мүшелер қол қояды. Хаттама әрбір түсушіге жеке толтырылып, рәсімделеді және оның жеке ісіне тігіледі.

## 8 Шетел азаматтарымен сұхбаттасу өткізу тәртібі

8.1 Ақылы оқуға түсетін шетел азаматтарын Университетке қабылдауды сұхбаттасу түрінде қабылдау комиссиясы жүзеге асырады. Сұхбаттасу қазақ немесе орыс тілдерінде өткізіледі (түсушінің таңдауы бойынша).

8.2 Сұхбаттасу өткізу үшін басқарма төрағасының-ректордың бұйрығымен комиссия құрылады.

8.3 Сұхбаттасуға қатысу үшін түсушілер қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсырады (төтенше жағдай, карантиндік шараларды күшейту/сақтау кезінде Университет АЖ арқылы онлайн-режимде):

- 1) сұхбаттасуға қатысуға өтініш;
- 2) білімі туралы құжат (түпнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

8.4 Оқуға түсушілермен сұхбаттасу өткізу рәсімі екі кезеңнен тұрады:

- оқу жетістіктерінің деңгейін анықтау үшін білім туралы құжаттарды комиссияның талдауы.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 19 беті

- оқуға түсушінің таңдаған білім беру бағдарламасы саласындағы комиссияның сұрақтарына жауаптары. Жауаптарды бағалау парағын толтыру.

8.5 Бейіндік пәндер бойынша (орта білім базасында түсушілер үшін), жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша (техникалық және кәсіптік білім базасында түсушілер үшін) сұхбаттасу өткізуге арналған бағдарлама Университеттің тиісті кафедраларымен әзірленеді және белгіленген сараптама рәсімінен өткеннен кейін «Талапкер-2024» модулінің тиісті бөлімінде сайтта орналастырылады.

8.6 Ауызша сұхбаттасу қабылдау комиссиясының төрағасы бекіткен кестеге сәйкес өткізіледі (төтенше жағдай, карантиндік шараларды күшейту/сақтау кезінде бейне-конференция байланыс өткізу үшін тиісті платформаларды қолдана отырып).

8.7 Оқуға түсушілермен ауызша сұхбаттасу келесі сипаттағы мәселелер бойынша сұхбат қарастырады:

- ҚР-да оқуды таңдау себебі;
- Университет білім беру бағдарламасын таңдау мақсаты;
- жеке жетістіктері;
- Университет оқу ережесін білу;
- тілдерді білу;
- әуестік, хобби.

8.8 Сұхбаттасуды комиссия әрбір оқуға түсушімен жеке өткізеді.

8.9 Сұхбаттасудың келесі кезеңдердің қорытындысы бойынша комиссия мүшелері оқуға түсушіні Университеттің білім беру бағдарламаларына қабылдауға/қабылдамауға ұсыныс беру туралы шешім қабылдайды.

Шешім көпшілік дауыспенен қабылданады және сұхбаттасу хаттамасымен рәсімделеді. Сұхбаттасу хаттамасы нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына-кеңесшісіне (оның орынбасарына) тапсырылады. Комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды. Хаттама әрбір оқуға түсушіге жеке рәсімделеді және оның жеке ісіне тігіледі.

8.10 Оқуға түсушіні оқуға қабылданылмауы туралы комиссияның шешімі сұхбаттасу нәтижелерінің төмен деңгейі, ұсынылған білім туралы құжаттың талаптарына сәйкессіздіктері болған жағдайда (нотариалды куәландырылған аударманың болмауы, рәсімдеудегі ақаулар мен қателер) қабылдануы мүмкін.

8.11 Сұхбаттасу өткізу кезеңінде бірыңғай талаптарды сақтау және түсушілердің даулы мәселелерін шешу мақсатында апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамын қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 20 беті

Апелляциялық комиссияның құрамы тестіленетін пәндер бойынша оқытушылардан құралады

8.12 Апелляцияға өтініштер сұхбаттасу нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссиямен бір күнтізбелік күн ішінде қаралады. Апелляциялық комиссияның отырысына оқуға түсуші келмеген жағдайда, оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды (төтенше жағдайда, карантиндік шараларды күшейту/сақтау кезінде онлайн-режимде «ШҚУ АЖ» арқылы).

Сұхбаттасу нәтижелерінің апелляциясы бойынша барлық өтініштер апелляцияға өтініштерді тіркеу журналына тіркеледі.

Өтініштер бойынша шешім апелляциялық комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Апелляциялық комиссияның жұмысы апелляциялық комиссия отырысының хаттамасымен рәсімделеді, оған төраға және комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

Апелляциялық комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды. Апелляциялық комиссия түсушіге апелляция қорытындылары туралы хабарлайды.

## 9 Мемлекеттік білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу

*"Бакалавр" дәрежесі берілетін жоғары білім алуға ақы төлеу үшін республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру тәртібі*

9.1 "Бакалавр" дәрежесі берілетін жоғары білім алуға ақы төлеу үшін республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттары (бұдан әрі – жоғары білімнің білім беру гранттары) оқуға түсушілер мәлімдеген білім беру бағдарламалары топтарының кезектілігіне сәйкес білім беру грантын беру туралы куәлік беріліп, ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі – ҰБТ) сертификатының баллдарына сәйкес білім беру бағдарламаларының нақты топтары, тіл бөлімі және оқу нысаны бойынша конкурстық негізде беріледі.

9.2 Жоғары білімнің білім беру гранттарын беру конкурсында Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқыту тілі), екі бейіндік пән бойынша баллдар ескеріледі.

9.3 Шығармашылық даярлықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтарына түсушілерге жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсында Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқыту тілі) және екі шығармашылық емтиханның нәтижелері ескеріледі.

9.4 Шығармашылық даярлықты талап ететін білім беру бағдарламалары топтарына түсушілерді қоспағанда, жоғары білімнің білім беру гранттарын



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 21 беті

беру конкурсында оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білімнің ұқсас білім беру бағдарламаларының тобы бойынша білім беру бағдарламалары топтарына оқуға түсушілер үшін жалпы бейіндік пән және бейіндеуші пән бойынша балдары ескеріледі.

9.5 Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының ұқсас топтары бойынша білім беру бағдарламаларының топтарына түсушілер үшін жоғары білімнің білім беру грантын беруге арналған конкурста шығармашылық даярлықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтарына түсушілерді қоспағанда, жалпы кәсіптік пән және арнайы пән бойынша балдар ескеріледі.

9.6 Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін және шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының ұқсас топтары бойынша білім беру бағдарламаларының топтарына түсушілер үшін жоғары білімнің білім беру грантын беруге арналған конкурста арнайы пән бойынша балдар және шығармашылық емтиханның нәтижесі ескеріледі.

9.7 Жоғары білімнің білім беру грантын беруге арналған конкурста қатысу үшін оқуға түсуші жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қабылдау комиссиясына немесе ақпараттық жүйе арқылы:

- 1) белгіленген үлгідегі бланктегі өтінішті;
- 2) білімі туралы құжатты (құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде түпнұсқа);
- 3) электронды ҰБТ-ға қатысқан жағдайда нәтижесінде екі сертификаттың біреуін (құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде);
- 4) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ 175/2020 бұйрығымен бекітілген 075-у нысаны бойынша дәрігерлік анықтама;
- 5) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін тапсырады.

9.8 Университеттің дайындық бөлімін мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде тілдік даярлығы күшейтілген түрде бітірген тұлғалар Университет туралы транскриптті ұсынады.

9.9 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және тиісінше мамандық бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар тұлғалар қосымша мына құжаттардың біреуін тапсырады:

- 1) еңбек кітапшасы;

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 22 беті

2) ұйымның мөрімен (егер бар болса) куәландырылған жұмыс берушінің қолы қойылған қызметтік тізім (қызметкердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);

3) қызметкердің еңбек қызметі туралы ақпарат көрсетілген архивтік анықтама;

4) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы үзінді және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан алынған әлеуметтік аударымдар туралы мәліметтер;

5) жұмыс беруші тоқтатылу күні мен негіздемесі туралы белгі қойған еңбек шарты;

6) жұмыс берушінің актілерінен еңбек шартын жасасу және тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауы мен тоқтатылуын растайтын үзінділер;

7) жұмыскерлерге жалақы төлеу ведомосынан үзінділер.

9.10 Жоғары білімнің білім беру грантын беруге арналған конкурсқа қатысу үшін оқуға түсуші өтініште өзі таңдаған жоғары білімнің беру бағдарламаларының тобын және ЖЖОКБҰ-ны көрсетеді.

Бейіндік пәндер сәйкес келген жағдайда, оқуға түсуші бір білім беру саласының ішінде білім беру бағдарламаларының төрт тобына дейін көрсете алады.

9.11 Республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру конкурсына қатысу үшін өтініштер күнтізбелік жылдың 13-20 шілде аралығында қабылданады.

9.12 Шет тілдегі құжаттар қазақ немесе орыс тілдерінде нотариатты куәландырған аудармасымен ұсынылады.

9.13 Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен танылады немесе нострификациядан өткізіледі.

9.14 Бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар азаматтар, мүгедек балалар, сондай-ақ бала кезінен мүгедектер Университеттің қабылдау комиссиясына таңдаған мамандығы бойынша білім алуға қарсы айғақтардың жоқтығы туралы медициналық қорытындыны ұсынады.

9.15 Балл көрсеткіштері тең болған болған жағдайда жоғары білімнің білім беру грантын беруге басым құқығы бар оқуға түсушілер Университет қабылдау комиссиясына осы құқықты растайтын құжатты тапсырады.

9.16 Жоғары білімнің білім беру гранттарын тағайындауға арналған конкурсқа қатысу үшін шығармашылық даярлықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілерді ескермегенде, ҰБТ нәтижесі бойынша ұлттық ЖЖОКБҰ-ға – кемінде 65 балл, ал "Педагогикалық ғылымдар" – кемінде 75, "Ауыл шаруашылығы және биоресурстар", "Ветеринария" білім беру салалары бойынша – кемінде 50



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 23 беті

балл, басқа ЖЖОКБҰ-ға – кемінде 50 балл, ал "Педагогикалық ғылымдар», «Кұқық» білім беру саласы бойынша – кемінде 75 балл, "Денсаулық сақтау " білім беру саласы бойынша – кемінде 70 балл, оның ішінде Қазақстан тарихы және әр бейіндік пәннен 5 баллдан кем емес, математикалық сауаттылық – 3 баллдан кем емес, оқу сауаттылығы – оқыту тілі бойынша – кемінде 3 балл жинау қажет.

9.17 Шығармашылық даярлықты талап ететін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша жоғары білімнің білім беру грантын беруге арналған конкурста қатысу үшін ҰБТ нәтижесі бойынша "Педагогикалық ғылымдар", «Кұқық» білім беру саласы бойынша – кемінде 75 балл, басқа БББ – кемінде 50 балл, оның ішінде Қазақстан тарихы – 5 баллдан кем емес, оқу сауаттылығы – оқыту тілі бойынша – кемінде 3 балл және әрбір шығармашылық емтихан бойынша – 5 баллдан төмен емес жинау қажет.

9.18 Шығармашылық даярлықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсушілерді ескермегенде, оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін жоғары білімнің ұқсас білім беру бағдарламаларының тобы бойынша білім беру бағдарламалары топтарына түсушілерге ҰБТ нәтижесі бойынша – кемінде 25 балл, «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша – кемінде 35 балл, оның ішінде жалпы бейіндеуші пәннен – кемінде 5 балл және бейіндік пәннен – кемінде 5 балл жинау қажет.

9.19 Оқытудың қысқартылған мерзімін көздейтін және шығармашылық даярлықты талап ететін жоғары білімнің ұқсас білім беру бағдарламаларының тобы бойынша білім беру бағдарламалары топтарына түсушілерге ҰБТ және шығармашылық емтихан нәтижесі бойынша – кемінде 25 балл, «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша – кемінде 35 балл, оның ішінде шығармашылық емтихан бойынша – кемінде 5 балл және бейіндеуші пән бойынша – кемінде 5 балл жинау қажет.

9.20 Шығармашылық даярлықты талап ететін білім беру бағдарламаларына түсушілер жоғары білімнің білім беру грантын беруге арналған конкурста бір білім беру бағдарламасының тобы бойынша қатысады және өтініште шығармашылық емтихан тапсырған ЖЖОКБҰ-ны көрсетеді.

9.21 "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша білім беру бағдарламаларына түсушілер және арнайы емтиханнан өтіп, рұқсат алғандар білім беру грантын беруге арналған конкурста ЖЖОКБҰ және арнайы емтиханды тапсыру орнына қарамастан, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының төрт тобын таңдау құқығына ие.

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беруге арналған конкурста ҰБТ-ны



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 24 беті

электрондық форматта өту кезінде түсуші қажетті балл саны бар болғанда ҰБТ-ның екі нәтижесінің бірімен қатысады.

9.22 Жоғары білім алуға төлемақы өтеу үшін жоғары білімнің білім беру грантын беруге арналған конкурс өткізілген кезде, сондай-ақ жоғары білімді кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау кезінде балдар тең болған жағдайда басым құқық мынадай кезектілік бойынша беріледі:

1) "Алтын белгі" төсбелгісімен марапатталған тұлғалар;

2) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар тұлғалар;

3) тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған), орындаушылардың халықаралық конкурстарының және спорттық жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) соңғы үш жылдағы жеңімпаздарының, сондай-ақ өздері таңдаған мамандықтар олимпиадалардың, конкурстың немесе спорттық жарыстың пәніне сәйкес келген жағдайда, жалпы білім беретін пәндер бойынша ағымдағы оқу жылында президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жеңімпаздары;

4) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығысыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығысыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, бірінші және екінші топтардағы мүгедектер, жеңілдіктері мен кепілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар, медициналық қорытындыға сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуға қарсы айғақтары жоқ бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар және үздік білімі туралы құжаттары (куәліктері, аттестаттары, дипломдары) бар тұлғалар.

5) көрсеткен патриотизмі және белсенді азаматтық ұстанымы үшін айырым белгісімен марапатталған тұлғалар қабылдау комиссиясына куәлігінің көшірмесін ұсынады (ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №249 "14 жастан 25 жасқа дейінгі балалар мен жастарды көрсетілген патриотизм және белсенді азаматтық ұстанымы үшін айрықша белгісімен марапаттау қағидаларын бекіту туралы" қаулысы).



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 25 беті

Бұл ретте балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда білім беру гранттары аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа балдары жоғары тұлғаларға беріледі.

Балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, сондай-ақ аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа балдары бірдей болғанда бейіндік пән бойынша алған балдары ескеріледі.

9.23 Жоғары білімнің білім беру грантын беру бойынша басым құқық болмағанда, баллдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа баллдары жоғары тұлғаларға беріледі.

Баллдардың көрсеткіштері бірдей және басым құқығы болмаған кезде, сондай-ақ аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа баллы бірдей болғанда бейіндік пәндер бойынша алған баллдары ескеріледі.

9.24 Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар, бірінші және екінші топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген тұлғалар үшін конкурс көрсетілген санаттар арасында бекітілген мемлекеттік білім беру тапсырысының жалпы көлемінен бекітілген квоталар бойынша өткізіледі.

Білім беру грантын беруге арналған конкурсқа қатысушы тұлғалар үшін қабылдаудың көрсетілген квоталары барлық мәлімделген білім беру бағдарламалары тобына таратылады.

Квота бөлінген даярлық бағыттарында шығармашылық емтиханы бар білім беру бағдарламаларының тобы болған жағдайда, білім беру грантын беру кезінде ҰБТ-ға қатысушының тестілеу нәтижелері үтірден кейінгі бір белгіге дейін дөңгелектелген ең жоғары ықтимал балға пайыздық қатынаста салыстырылатын болады.

Балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда білім беру гранттары аттестатының, куәлігінің немесе дипломының орташа балы жоғары тұлғаларға беріледі.

Аттестаттың, куәліктің немесе дипломның орташа балы бірдей болған жағдайда бейіндік пән немесе шығармашылық емтихан бойынша алған балдары ескеріледі.

9.25 Ауыл жастары арасынан шыққан азаматтар үшін квота көзделген білім беру бағдарламаларының топтарына арналған конкурс мынадай түрде өтеді: білім беру бағдарламаларының топтары бойынша гранттардың жалпы санының 65 пайызы жалпы конкурс тәртібімен беріледі, ал гранттардың



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 26 беті

қалған 35 пайызына конкурс тек ауыл жастары арасынан шыққан азаматтар үшін өткізіледі.

Қазақстан Республикасы ЖЖОКБҰ-ға қабылдау квотасы көзделген ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары тобының тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

9.26 Ағылшын тілінде білім алу үшін жаратылыстану ғылыми пәндері бойынша (физика, химия, биология және информатика) мұғалімдерді даярлаудың білім беру бағдарламалары тобы бойынша білім беру грантын беруге арналған конкурсқа мемлекеттік білім беру тапсырысының негізінде тілдік даярлығын күшейту үшін ЖЖОКБҰ-ның даярлық бөлімін бітірген тұлғалар және ҰБТ-ны ағылшын тілінде тапсырған тұлғалар, сондай-ақ, ҰБТ-ны қазақ (орыс) тілінде тапсырған және ағылшын тілін білу бойынша тестілеуден өткен немесе ағылшын тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттары бар: Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP 433-459 кем емес ҰБТ-ның 42 баллына сәйкес, 460-497 – ҰБТ-ның 46 баллына, 498 және одан жоғары – ҰБТ-ның 50 баллына); Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT, шекті балл - 35-45 ҰБТ-ның 42 баллына сәйкес, 46-59 – ҰБТ-ның 46 баллына, 60 және одан жоғары – ҰБТ-ның 50 баллына), International English Language Tests System (IELTS, шекті балл –5.0 кем емес ҰБТ-ның 42 баллына сәйкес, 5,5 – ҰБТ-ның 46 баллына, 6.0 және одан жоғары – ҰБТ-ның 50 баллына) (қосымша 1). ағылшын тілінде оқуға ниет білдірген тұлғалар қатысады.

Бұл ретте мемлекеттік білім беру тапсырысының негізінде тілдік даярлығын күшейту үшін ЖЖОКБҰ-ның даярлық бөлімін бітірген тұлғалар, сондай-ақ ҰБТ-ны қазақ (орыс) тілінде тапсырған және ағылшын тілінде оқуға ниет білдірген тұлғалар шет тілін (ағылшын) білуге арналған тестілеу тапсырады, ондағы шекті балл жоғары балдың 50 пайызынан төмен болмауға тиіс.

Шет (ағылшын) тілін білуге арналған тестілеуді базалық ЖЖОКБҰ-да 12 шілдеге дейін Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі – ҰТО) өткізеді.

Республикалық конкурстық комиссияның шешімі негізінде білім беру саласындағы тиісті уәкілетті орган жоғары білімнің білім беру грантын беру туралы бұйрық шығарады. Жоғары білім беру грантын тағайындау туралы бұйрықтың негізінде ҰТО 3 (үш) жұмыс күні ішінде білім беру гранттарын тағайындау туралы электрондық куәліктер дайындауды жүзеге асырады. Білім беру грантын беру туралы электрондық куәлікті беру 20 тамыздан кешіктірілмей жүзеге асырылады.

Жоғары білім беру гранты иегерлерінің тізімі бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 27 беті

Талапкер оқуға қабылданғанға дейін жоғары білім беру грантынан бас тартқан жағдайда, жоғары білім беру грантын тағайындау туралы куәлік және талапкердің өтініші білім беру саласындағы уәкілетті органға 29 тамызға дейін жолданады және үш күнтізбелік күн ішінде жойылады.

Жоғары білімнің білім беру грантын беру туралы куәлікті қайтармаған жағдайда, ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиясы күнін және жоғары білімнің білім беру грантынан бас тартқан адамның деректерін көрсете отырып, оның күшін жою туралы акт жасайды және үш күнтізбелік күн ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға ЖЖОКБҰ-да мөрімен бекітілген актіні жолдайды.

*«Бакалавр» дәрежелері берілетін жоғары білім алуға ақы төлеу үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру тәртібі*

9.27 «Бакалавр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін жергілікті атқару ұйымдары қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсты (бұдан әрі – ЖАО білім беру гранттары) тиісті облыс және (немесе) республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің шешімімен құрылатын ЖАО конкурстық комиссиясы өткізеді.

9.28 ЖАО білім беру гранттары өңірдің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларға қажеттілігі есебімен білім беру бағдарламаларының топтары бойынша оқуға түсушілер өтініш білдірген білім беру бағдарламалары топтарының кезектілігіне сай білім беру гранттарын беру туралы куәлік берумен қоса ҰБТ сертификаттарының балдарына сәйкес беріледі.

9.29 ЖАО білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсқа қатысу үшін оқуға түсуші ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясына жоғары білім алуға ақы төлеу үшін ағымдағы жылдың 5-10 тамыз аралығында 9.6 тармағына сәйкес құжаттарды тапсырады.

ЖАО білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурс осы Ереженің 10.26-10.27 тармақтарында көзделген тәртіппен өткізіледі.

9.30 ЖАО комиссиясы шешімінің негізінде тиісті облыс немесе республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің немесе әкім орынбасарының бұйрығы шығарылады және оқуға түсушілерге ЖАО білім беру гранттарын беру туралы куәлік беріледі.

9.31 ЖАО білім беру гранттары иегерлерінің тізімі жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және қабылдау комиссиясына жіберіледі.

9.32 ЖАО білім беру гранттарын беру туралы куәліктің негізінде ЖЖОКБҰ-ның басқарма төрағасының-ректордың ЖАО білім беру гранты бойынша оқуға қабылдау туралы бұйрығы шығарылады.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 28 беті

ЖАО білім беру гранты иегерімен "ЖАО-студент-Университет" үш жақты шарт жасалады.

Грант иегері ЖАО білім беру грантынан бас тартқан жағдайда ЖАО білім беру гранттарын беру туралы куәлік жойылады, білім беру гранты Типтік ережелерде белгіленген тәртіппен конкурстық негізде беріледі.

ЖАО білім беру гранттарын беру туралы куәлік қайтарылмаған жағдайда Университет қабылдау комиссиясы ЖАО білім беру грантынан бас тартқан тұлғаның деректерін, күнін көрсете отырып, оның күшін жою туралы акт жасайды және қабылдау комиссиясының мөрімен бекітілген актіні күнтізбелік үш күн ішінде ЖАО-ға тапсырады.

ЖАО білім беру гранттарын тағайындау туралы куәлікті азаматтардың конкурсқа қатысу үшін тапсырған құжаттарымен бірге ағымдағы жылдың 25 тамызынан кешіктірілмей береді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударған ауыл жастары арасынан шыққан азаматтар үшін мемлекеттік тапсырыстың бекітілген көлемінен ЖЖОКБҰ-ға қабылдаудың белгіленген квотасы негізінде-10 пайыз, білім беру грантын беру конкурсына Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан және Маңғыстау облыстарының ауылдық жерлерінде білім беру ұйымдарын бітірген тұлғалар қатыса алады.

## **10 Жоғары білім беру бойынша білім бағдарламаларына қабылдау тәртібі**

10.1 Қабылдау үшін талапкерлер (қызмет алушы) Университетке (қызмет көрсетуші) қабылдау комиссиясы арқылы және "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы [www.e-GOV.kz](http://www.e-GOV.kz) (бұдан әрі-портал) Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы 31.10.2018 жылғы №600 бұйрықтың "Жоғары білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін құжаттарды қабылдау және жоғары оқу орындарына қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет НЕгізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасы (қосымша 6) сәйкес ұсынады.

Университеттің қабылдау комиссиясының қызметкері құжаттар пакетін қабылдауды, оларды тіркеуді және өтініш түскен күні талапкерге құжаттар пакетін қабылдағаны туралы қолхат беруді жүзеге асырады немесе талапкер құжаттар пакетін толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Портал арқылы жүгінген жағдайда талапкердің "жеке кабинетіне" мемлекеттік көрсетілетін қызметке сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 29 беті

Университеттің қабылдау комиссиясының қызметкері құжаттар келіп түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді, толық болмаған жағдайда өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды жауабын әзірлейді, ол порталдағы "жеке кабинетіне" өтініш берушіге электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Талапкер құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда қабылдау комиссиясы Университетке қабылдау үшін құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама жібереді.

Хабарламаны алғаннан кейін талапкер қабылдау комиссиясына құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 20 маусым мен 25 тамызы аралығында ұсынады. Құжаттарды қабылдағаннан кейін басқарма төрағасы - университет ректорының қолымен, расталған талапкерді студенттер қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарылады.

Университет мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген негіздер бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады.

Университет "мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы мәліметтерді Мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша қабылдау комиссиясының шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Университет басқармасы төрағасының - ректорының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес университет атына келіп түскен талапкердің шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен талапкердің шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Талапкер мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда сотқа жүгінеді.

Оқуға түсушілерді университетке Студенттер қатарына қабылдауды қабылдау комиссиясы Басқарма төрағасының - университет ректорының бұйрығымен қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде оқыту үшін күнтізбелік жылдың 20 маусым мен 25 тамызы аралығында жүргізеді.

10.2 Жоғары білімнің білім беру грантының иегерлері республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ азаматтардың өз



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 30 беті

қаражаты және өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеу арқылы тиісті БББТ-тан білім беру бағдарламасын таңдайды.

Университеттің қабылдау комиссиясына оқуға түсушілер қабылдау туралы өтінішке қоса келесі құжаттарды тапсырады (6 қосымшаның 8 т.).

1) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі туралы құжат (түпнұсқа);

2) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);

3) көлемі 3 x 4 сантиметр 6 фотосурет;

4) электрондық немесе қағаз түрінде "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрі міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ 175/2020 бұйрығымен бекітілген 075-у нысаны бойынша медициналық анықтама.

5) ҰТО базасында талапкердің жеке кабинетінен ҰБТ электронды сертификаты;

6) ведомостан үзінді көшірме (арнайы және (немесе) шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білім беру бағдарламалары бойынша, оның ішінде "Педагогикалық ғылымдар" білім саласы бойынша оқуға түсушілер үшін)»;

7) Білім беру грантын тағайындау туралы электрондық куәлік (бар болған жағдайда).

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар мынадай құжаттардың бірін ұсынады:

1) еңбек кітапшасының көшірмесін (түпнұсқа тексеру үшін беріледі);

2) жұмыс берушінің қолы қойылған, ұйымның мөрімен (бар болса) расталған қызметтік тізімді (қызметкердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);

3) қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын архивтік анықтаманы;

4) берілген міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан алынған ақпарат бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірме;

5) мерзімі және оны тоқтату негіздемесі көрсетілген жұмыс берушінің еңбек келісімшартын;

6) еңбек келісімшартын жасау мен тоқтату негізінде еңбек қарым-қатынасының пайда болуы мен тоқтатылуын дәлелдейтін жұмыс берушінің актісінен үзіндіні;

7) қызметкерлерге жалақы беру ведомосынан үзіндіні қоса береді.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 31 беті

10.3 I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген адамдар, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары басым құқық берілгенін растайтын құжаттар мен квотаны қосымша береді.

10.4 Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілерді қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, осы Ереженің 4.2-тармағында көрсетілген ҰБТ нәтижелері бойынша шекті балл жинамаған, бейіндік пәндер комбинациясына сәйкес келмейтін ҰБТ нәтижелері бар, ҰБТ нәтижелері жойылған адамдар университетке күндізгі оқу нысаны бойынша ақылы негізде қабылданады. Осы тұлғалар оқу жылы ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларында (бұдан әрі – № 204 бұйрық) көрсетілген мерзімдерде қысқы және жазғы каникулдарды қоса алғанда, ҰБТ-ны қайта тапсырады.

1 (бірінші) оқу жылы аяқталғаннан кейін тапсырылатын ҰБТ нәтижелері бойынша шекті балл жинамаған адамдар университеттен шығарылуға жатады.

Университет Ғылыми кеңестің шешімімен білім беру бағдарламаларына ақылы негізде түсу үшін дайындық бағыттары бойынша өту баллын белгілейді, ол директорлар Кеңесі бекіткен "Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті" КЕ АҚ-қа жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына білім алушыларды қабылдау қағидаларымен регламенттеледі.

10.5 Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білім беру грантын тағайындау туралы куәлік алған адамдар куәлікте «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ білім беру бағдарламалары көрсетілген болса қабылдау жөнінде өтініш береді және және басқарма төрағасының-ректордың немесе немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен студент қатарына қабылданады.

10.6 Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жоғары білімнің білім беру грантының иегерлері шығармашылық емтихандар тапсырған "Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті" КЕ АҚ-ға қабылданады.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 32 беті

10.7 Мемлекеттік грант негізінде оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 11 тамыздағы № 403 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33291 болып тіркелген) бекітілген Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен шеккен шығыстарды өтеу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмыспен өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларында және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 25 тамыздағы № 443 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33345 болып тіркелген) бекітілген «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру қағидаларында белгіленген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды».

10.8 №204 бұйрыққа сәйкес белгіленген мерзімде ҰБТ тапсырған және шекті балл жинаған орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының ағымдағы жылғы түлектері жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжат алғанға дейін ақылы негізде Университетке қабылдау туралы басқарма төрағасы - ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына өтініш береді.

Сонымен қатар, орта білім беру ұйымдарының 11 (12) сынып оқушылары күндізгі күнтізбелік жылдың 20 маусымынан 25 тамызына дейінгі мерзімде жалпы орта білім туралы құжатты алғанға дейін жоғары оқу орнының басқарма төрағасы-ректорының атына немесе міндетін атқарушыға Университетке ақылы негізде оқуға түсу үшін өтініш береді.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжатты алғаннан кейін оқуға түсушілер университетте белгіленген тізбеге сәйкес құжаттарды ұсынады.

10.9 Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілерді қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ нәтижелері бойынша шекті балл жинамаған, бейіндік пәндердің комбинацияларына сәйкес келмейтін, ҰБТ нәтижелерінің күші жойылған адамдар университет басшысының немесе оның міндетін атқарушы адамның атына ақылы негізде университетке қабылдау туралы өтініш береді. Университетте белгілеген шекті балл жинаған тұлғалар басқарма төрағасы - ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде Университетке қабылдау туралы өтініш береді.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2025 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті " КЕ АҚ білім алушыларды жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау туралы Ережелер	ШҚУ Е 003-24	52 беттің 33 беті

Өтінішке ҰБТ электрондық сертификатының басып шығарылған нұсқасы, уәкілетті адам қол қойған және мөрмен бекітілген транскрипт көшірмесі қоса беріледі.

Университетте тізбесі белгіленген құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда қабылдау комиссиясы оқуға түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

10.10 Университетке қабылдау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары мен тілдік бөлімдері бойынша жеке жүргізіледі.

10.11 Шығармашылық емтихандар белгіленген жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау осы емтихандар бойынша алынған балдар есепке алына отырып жүргізіледі.

10.12 «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша қабылдау арнаулы емтихан бойынша нәтижелері есепке алына отырып жүргізіледі.

